

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің м.а. 2009 жылғы 9 қазандағы N 274 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 20 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5827 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 510 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 29.12.2012 № 510 бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесі б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Ғ.М. Мұхамбетов) заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п т е :

1) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде м е м л е к е т т і к т і р к е у і ;

2) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми ж а р и я л а н у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. "Стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 шілдедегі N 305 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізбесінде 2006 жылы 14 тамызда N 4340 тіркелген, "Заң" газетінде 2006 жылғы 8 қыркүйекте N 162 (1142) ж а р и я л а н ғ а н) к ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия

ж и ы н т ы ғ ы ;

б) сарапшы-аудитор аттестаты – өнімнің, процесстердің, қызметтер мен менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау (бұдан әрі - сәйкестікті растау) немесе сынау, салыстырып тексеру және калибрлеу зертханаларының (орталықтарының), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды, сәйкестікті растау жөніндегі органдарды аккредиттеу (бұдан әрі – аккредиттеу) саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін аттестатталғанын растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

7) сарапшы-аудиторға кандидат – техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) құрған аттестациялық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарауына оны сарапшы-аудитор ретінде аттестаттау үшін барлық қажетті құжатты ұсынатын маман.

2. Аттестатталған және Комиссияның ұсынысы бойынша Ережеде белгіленген біліктілік талаптарға жауап беретін мамандар сарапшы-аудиторлар болады.

3. Сарапшы-аудиторларды аттестаттау мынадай қызмет бағыттары бойынша жүргізіледі:

- 1) сәйкестікті растау;
- 2) тауарды шығарған елді айқындау;
- 3) аккредиттеу.

4. Сарапшы-аудиторлар қызметінің ұсынылатын бағыттары Ереженің 1-қосымшасында берілген.

2. Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлыққа кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары

5. Сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлыққа кандидатқа сарапшы-аудитор аттестатын алу үшін мынадай біліктілік талаптары қойылады:

- 1) аттестаттаудың мәлімделген саласына сәйкес келетін жоғары білімнің болуы;
- 2) мамандығы бойынша жұмыс өтілі – кемінде төрт жыл;
- 3) аттестаттаудың мәлімделген саласында жұмыс өтілі кемінде үш жыл;
- 4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес аттестаттаудың мәлімделген саласына теориялық оқудан өтуі;
- 5) аттестаттаудың мәлімделген саласында практикалық даярлықтан (тағылымдамдан) өтуі.

6. Тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлыққа

кандидатқа біліктілік аттестатын алу үшін мынадай біліктілік талаптар қойылады :

- 1) жоғары білімнің болуы;
- 2) кемінде екі жыл жұмыс өтілі;
- 3) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес теориялық оқудан өт у і ;
- 4) практикалық даярлықтан (тағылымдамадан) өту.

3. Аттестаттауды жүргізу, сарапшы-аудиторлардың аттестаттары мен біліктілік аттестаттарын беру, ұзарту, тоқтата тұру және жою тәртібі

7. Сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторға кандидат Комиссияға мына құжаттарды ұсынады:

- 1) ө т і н і ш ;
- 2) сарапшы-аудитордың жеке карточкасы (сарапшы-аудиторға кандидаттың);
- 3) өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) сарапшы-аудиторлыққа кандидаттың аттестаттаудың мәлімделген саласында теориялық даярлықтан өткені туралы куәліктің көшірмесі;
- 5) білімі туралы дипломның көшірмесі;
- б) сарапшы-аудиторлыққа кандидат жұмыс істейтін ұйымның кадрлар қызметімен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі немесе еңбек қызметін р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р ;

7) тағылымдамадан өткені туралы есептер (өнім мен қызметтің сәйкестігін растау – бес есеп (түрлі схемалар бойынша сертификаттау жөніндегі жұмыстарға қатысуды қоса алғанда), менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау – жалпы ұзақтығы кемі жиырма жұмыс күнімен төрт тағылымдама (құжаттаманы талдауды, тексерулерге қатысу және олар туралы есептер құруды қоса алғанда), аккредиттеу бойынша – төрт есеп).

8. Аккредиттеу және менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау жөніндегі тағылымдамалар теориялық оқыту курсы аяқталған күнінен бастап екі жылдан кешіктірілмей, басқа бағыттар бойынша – бір жыл ішінде өткізілуге тиіс.

Тағылымдамалар туралы есептерге тағылымдамадан өту кезінде тағылымдамадан өтуші өткізген практикалық жұмыс туралы құжат көшірмесі қоса беріледі (комиссия құрамына енгізілгені туралы бұйрық көшірмесі, өнім үлгілерін іріктеу актілерінің көшірмелері, тексеру бағдарламасының (жоспарының) көшірмелері, сынау хаттамасының көшірмелері, сараптама актілерінің көшірмелері).

Тағылымдама жетекшісі ретінде Қазақстан Республикасында сарапшы-аудитор ретінде аттестатталған және осы салада сарапшы-аудиторға

кандидат тағылымдамадан өту бағыты бойынша екі жылдан кем емес жұмыс істейтін маман тағайындалады.

Тағылымдамадан өткізуді ұйымның шешімі (бұйрығы) негізінде, тағылымдама өткізу қарастырылған базада жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында аттестаттаудың жаңа салалары бойынша сарапшы-аудиторларды оқыту және тағылымдамадан өткізу үшін жағдай болмаған кезде, оқыту өткізу және тағылымдама жетекшісін тағайындау туралы шешімді ұйым басшысы уәкілетті органның келісімі бойынша отыз күнтізбелік күн ішінде қабылдайды. Бұл ретте сарапшы-аудиторларға кандидаттарды типтік оқыту бағдарламасы және тағылымдама бағдарламасы уәкілетті органмен келісілуі тиіс.

9. Тауарды шығарған елді айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторлыққа кандидат Комиссияға мына құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) жоғары білімі туралы диплом көшірмесі;
- 4) жеке тұлғаның теориялық даярлығын растайтын оқу орталығының куәлігінің немесе сертификатының көшірмесі;
- 5) жеке тұлғаның тағылымдамадан өткені туралы, оның Ереженің 8-тармағында белгіленген тәртібінде тауардың шыққан елін анықтау бойынша жұмыстар жүргізуге қатысқанын растайтын он есеп көшірмесі;
- 6) кемінде екі жыл жалпы жұмыс өтілін растайтын жұмыс орнынан анықтама немесе еңбек кітапшасынан көшірме.

10. Жеке карточканың және пікір-сипаттамамен бірге тағылымдамадан өткені туралы есеп нысаны осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларына сәйкес рәсімделеді.

11. Құжаттар жиыны тігілген және нөмірленген түрде беріледі.

12. Комиссия уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға бекіткен Комиссия туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

13. Сарапшы-аудиторларды аттестаттау үш кезеңмен жүргізіледі:

- 1) берілген құжаттардың түгелдігін тексеру;
- 2) Комиссияның шешім қабылдауы;
- 3) сарапшы-аудитор аттестатын рәсімдеу және оны мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізбесінде тіркеу.

Сарапшы-аудитор аттестаты және біліктілік аттестаты нысандары Ереженің 5 және 6-қосымшаларында белгіленген.

Құжаттарды қараудың және сарапшы-аудиторларды аттестаттау нәтижесі туралы уәкілетті органның шешім қабылдауының жалпы мерзімі уәкілетті органға келіп түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

Даулы мәселе туындаған жағдайда сарапшы-аудиторлыққа үміткер кандидаттар Комиссия отырысына жазбаша хабарлама жіберу жолымен ш а қ ы р ы л а д ы .

Мамандардың арнайы курсты игеру тәжірибесіне, біліміне, біліктілікті көтеруіне және өткен тағылымдамасына қарай маман қызметтің бір немесе бірнеше бағыты бойынша аттестатталады.

14. Кандидатты сарапшы-аудиторлыққа аттестаттау туралы шешім қабылданған жағдайда оған сарапшы-аудитор аттестаты немесе уәкілетті органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған біліктілік аттестаты беріледі.

15. Берілген сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестаты оны тіркеген күннен бастап үш жыл бойы жарамды.

16. Аттестаттаудан өтпегені туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия сарапшы-аудиторлыққа кандидатқа себебі көрсетілген қабылдамау қағазын үш жұмыс күн ішінде жібереді.

Сарапшы-аудиторлыққа аттестатталудан бас тартуға техникалық реттеу саласындағы заңнама және тауарды шығарған елді айқындау талаптарын бұзу негіз болып табылады.

Материалдарды уәкілетті органға қайта жіберу бас тарту алғаннан кейін алты айдан соң жүзеге асырылады.

17. Сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестатының қолданылу мерзімі аяқталардан кемінде бір ай бұрын сарапшы-аудитор Комиссияға аттестаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінім жібереді.

Сарапшы-аудитордың аттестатының немесе біліктілік аттестатының қолданылу мерзімін ұзартқан жағдайда сарапшы-аудитор уәкілетті органға мына құжаттарды тапсырады :

- 1) Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша өтініш;
- 2) сарапшы-аудитордың жеке карточкасы (сарапшы-аудиторға кандидаттың);
- 3) сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының көшірмесі;
- 4) сарапшы-аудитор біліктілігін арттыру туралы куәлік көшірмесі;
- 5) Ереженің 8-қосымшасына сәйкес аттестаттаудың мәлімделген саласында сарапшы-аудитор қызметі туралы есеп.

Біліктілігін растау үшін сарапшы-аудитор мыналарды өткізуі немесе өткізуге қатысады :

өнімнің және қызметтің сәйкестігін растау бойынша – жылына кемінде бес тексеру ;

менеджмент жүйесінің сәйкестігін растау бойынша – жылына кемінде үш тексеру ;

тауарды шығарған елді айқындау бойынша – жылына кемі бес сараптама;

20. Аттестаттың қолданылуы тоқтатылған мерзім өткеннен кейін сарапшы-аудитор Ереженің 7 немесе 9-тармақтарында көрсетілген көлемде оқу оқып, тағылымдамадан өтуі, уәкілетті органға сарапшы-аудитор курсынан өткені туралы куәліктің көшірмесін және тағылымдамадан өткені туралы есепті тапсыруы қажет.

21. Уәкілетті орган Комиссияның ұсынымы бойынша сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының қолданылуы жойылғаны туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының қолданылуы тоқтатылған себептер қайтадан анықталған жағдайда;

2) сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының қолданысын тоқтата тұруға негіз болып табылмайтын сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау;

3) сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі материалдарды дайындау кезінде әдейі жаңсақ және жалған ақпарат беруі;

4) сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының қолданысы тоқтатыла тұрған сарапшы-аудитордың аттестаты тоқтатыла тұрған мерзімі аяқталған сәтке Ереженің 20-тармағына сәйкес құжаттарды тапсырмауы.

Осы тармақта көзделген жағдайларда уәкілетті орган сарапшы-аудитордың аттестатын немесе біліктілік аттестатын жою туралы шешім қабылдаған күні сарапшы-аудитордың аттестатын немесе біліктілік аттестатын жою және мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімінен шығару туралы бұйрық шығарады. Жоғарыда аталған бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бұйрықтың көшірмесі сарапшы-аудитор жұмыс істейтін ұйымға үш жұмыс күні ішінде жіберіледі.

22. Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің тізілімінен шығарылған сарапшы-аудитордың Ереженің 7 немесе 9-тармақтарының талаптарына сәйкес аттестаттауға қайтадан берген өтініші мен құжаттарының толық жинағын уәкілетті орган сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестаты жойылған сәттен бастап екі жыл өткеннен кейін қабылдайды.

23. Өтінім беруші уәкілетті орган қабылдаған шешімді аттестаттаудан бас тартуды, сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестаты қолданысы мерзімін ұзартуға бас тарту немесе сарапшы-аудитордың аттестатын немесе біліктілік аттестатын тоқтата тұру, жою туралы бұйрықтың көшірмесін алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде апелляциялық комиссияда немесе соттық тәртіпте шағымдана алады.

24. Сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестаты жоғалған

ж а ғ д а й д а :

1) Қазақстан Республикасының барлық аумағында таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшы-аудитордың аттестатын немесе біліктілік аттестатын жарамсыз деп тану туралы мәліметті аттестаттың нөмірін, берілген күні мен қолданылу мерзімін көрсетіп жариялау;

2) уәкілетті органға сарапшы-аудитордың аттестатын немесе біліктілік аттестатын жарамсыз деп тану туралы және аттестаттың нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін көрсетіп аттестаттың телнұсқасын беру туралы өтінішті беру және өтінімге осы тармақтың 1-тармақшасында көзделген мәліметтердің жарияланғанын растайтын құжатты қоса беру қажет.

25. Сарапшы-аудитордың аттестаты немесе біліктілік аттестаты бүлінген жағдайда уәкілетті органның мекен жайына жазбаша өтініш жібереді. Уәкілетті орган он бес күнтізбелік күн ішінде өтінімді қарайды, сарапшы-аудитордың бүлінген аттестатын жояды және аттестаттың бұрынғы нөмірін, берілген күнін, қолданылу мерзімін көрсетіп, сарапшы-аудитор аттестатының телнұсқасын б е р е д і .

26. Сарапшы-аудитор аттестатының немесе біліктілік аттестатының телнұсқасы уәкілетті органға өтініш түскен күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде беріледі.

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесіне 1-қосымша

Сарапшы-аудиторлардың қызметінің ұсынылатын бағыттары:

1. Өнімнің сәйкестігін растау:
 - 1) автокөлік құралдарының;
 - 2) тұрмыстық химияның;
 - 3) медициналық мақсатқа арналған бұйымдардың;
 - 4) кабельдік;
 - 5) жеңіл өнеркәсіптің;
 - 6) дәрілік заттардың;
 - 7) машина жасаудың;
 - 8) металлургиялық;
 - 9) минералдық тыңайтқыштардың;
 - 10) мұнай;
 - 11) қару (қызметтік-штаттық, азаматтық) және оларға оқ - дәрілері;
 - 12) парфюмерлік-косметикалық;

- 13) пиротехникалық;
- 14) тамақ өнеркәсібінің;
- 15) радио-техникалық;
- 16) ауылшаруашылығы өндірісінің;
- 17) байланыс құралдарының;
- 18) телекоммуникация құралдарының;
- 19) программалық құралдар мен деректер қорының;
- 20) құрылыс материалдары мен құрастырылымдарының;
- 21) ағаш өңдеу тауарларының;
- 22) отын шикізатының;
- 23) химиялық;
- 24) электрондық;
- 25) электротехникалық.

2. Қызметтердің сәйкестігін растау:

- 1) автомай құю станцияларының және мұнай өнімдері базаларының;
- 2) қонақ үй;
- 3) қоғамдық тамақтану;
- 4) шаш тараз;
- 5) автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу;
- 6) туристік және экскурсиялық;
- 7) химиялық тазалау.

3. Менеджмент жүйелерінің сәйкестігін растау.

4. А к к р е д и т т е у .

5. Тауарды шығарған елді айқындау.

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесіне 2-қосымша

Нысан

_____ (Аттестаттау органының толық атауы)

_____ бойынша

_____ (қ ы з м е т б а ғ ы т ы)

_____ сарапшы-аудитордан

_____ (Т.А.ӘА., лауазымы, жұмыс орыны, мекенжайы, телефоны)

Өтініш

(қызмет бағыты)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесіндегі сарапшы-аудитор аттестатының мерзімін ұзартуды сұраймын. Қазақстан Республикасы техникалық реттеу саласындағы заңнамасымен белгілінген сарапшы-аудиторларға арналған талаптарды орындауға міндеттелемін.

Қ о с ы м ш а :

1. Сарапшы-аудитордың жеке карточкасы;
2. Сарапшы-аудитор аттестаты немесе біліктілік аттестатының көшірмесі;
3. Сарапшы-аудитордың біліктілігін арттыру туралы куәлігінің көшірмесі;
4. Сарапшы-аудитордың аттестаттау саласындағы мәлімделген қызметі

туралы есеп

Қолы, күні

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесіне 3-қосымша

Нысан

Сарапшы–аудитордың (сарапшы–аудиторға кандидаттың) жеке карточкасы

Фотосуретке арналған орын

_____ (маманды аттестаттау жүйесінің атауы)

_____ (аттестаттау облысы)

Толтырылған күні _____

3) _____ Ж е к е _____ м ә л і м е т т е р і :

Тегі _____ Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған жылы _____ Жеке куәлігінің N _____

Білімі _____

Бітірген оқу орнының атауы _____

Бітірген жылы _____ дипломның N _____

Дипломы бойынша мамандығы _____

Дипломы бойынша біліктілігі _____
Ғылыми дәрежесі _____

(сарапшы-аудитордың)

20__ ж. " __ " _____ берілген N _____ аттестат

Аттестаттаған күні _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____ телефоны _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

2. Өндірістік қызметі:

Күні		Ұ й ы м ы , лауазымы	Негізгі міндеттемелері
басталуы	аяқталуы		

3. Стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарға қатысу:

Тексерілетін кәсіпорынның (ұйымның) атауы және мекен-жайы, орындалған жұмыстардың атауы	Тексеру (орындау) күні	Тексеру түрі (жұмыс)

4. Біліктілікті арттыру:

Күні	Оқу түрі	Мамандығы	Куәліктің N	Оқытуды өткізетін оқу орталығы

Сарапшы-аудиторға

Сарапшы-аудитордың қолы және

кандидаттың қолы

қолының толық жазылуы

Сәйкестікті растау, тауарды
шығарған елді айқындау және
аккредиттеу жөніндегі
сарапшы-аудиторларды аттестаттау
ережесіне 4-қосымша

Нысан

Сарапшы-аудиторға кандидаттың тағылымдамадан өтуі туралы

ЕСЕП N _____

(аттестаттау саласы)

бойынша

(тағылымдамадан өтуге кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты)

(е с е п м ә т і н і)

Тағылымдамадан өтуші _____

(қолы) (аты-жөні, тегі)

Тағылымдама жетекшісінің пікір-сипаттамасы:

Бағалау саласы	Бағасы (қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)
Білімі:	
Қазақстан Республикасы заңнамасының негіздері	
Негіз қалаушы нормативтік құқықтық актілер және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құжаттар	
Тексерілетін объектінің жұмыстары және тексерулерді, сипаттамаларды жүргізу әдістері мен рәсімдері, оларды бағалау әдістері мен тәсілдері, есептерді, қажетті құжаттарды дайындау, жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар	
Білімді тәжірибеде қолдана білуі	
Жеке басының қасиеттерін іске асыру	
Жалпы бағалау	

Т а ғ ы л ы м д а м а ж е т е к ш і с і

(сарапшы-аудитор, тегі, аты, әкесінің аты, тіркеу нөмірі, аттестат нөмірі, қызмет бағыты, лауазымы, жұмыс орны, жұмыс өтілі)

(қолы, қолының толық жазылуы)

Ұйым басшысы _____

(қолы, қолының толық жазылуы)

М.О.

Е с к е р т п е :

Есеп мәтінінде мыналар көрсетіледі:

1) сынақ ісінің өту күні, сынақ ісі өткен ұйымның атауы мен мекен-жайы (Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі тізілімінде тіркелген ұйымның аккредиттеу аттестатының нөмірі);

2) ережелер мен рәсімдерді анықтайтын қандай құжаттарға сәйкес жұмысты өткізгені ;

3) құжаттар негізінде тексерілетін объектінің сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы шешім қабылдаған құжаттарды (сертификаттау рәсімінің қорытындысы, сынақ хаттамасының және басқа құжаттар нөмірі) көрсете отырып жұмыстарды өткізу т ә р т і б і ;

4) сәйкестік сертификатын (тексерілетін ұйымның атауы және мекен-жайы).

Есептерді ұсыну кезінде сынақ ісіне үміткерлікке қатысатынын растайтын құжаттар болуы қажет.

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау ережесіне 5-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГЕРБІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ САУДА МИНИСТРЛІГІ
Т Е Х Н И К А Л Ы Қ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ
МЕМСТАНДАРТ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖҮЙЕСІ
САРАПШЫ-АУДИТОРДЫҢ

АТТЕСТАТЫ

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік техникалық реттеу
жүйесінің Тізілімінде 20___
жылғы N _____
тіркелген 20__ жылдың
"___" _____ дейін
жарамды.

Осы аттестат _____

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарына сәйкестігін және

жұмыстарын жүргізу құқығына аттестатталғанын растайды.
Аттестат Мемстандарттың сарапшы-аудиторларды аттестаттау жөніндегі Комиссияның 20___ жылғы "___" _____ N _____ шешімі негізінде берілді.

М.О.

Сәйкестікті растау, тауарды
шығарған елді айқындау және
аккредиттеу жөніндегі
сарапшы-аудиторларды аттестаттау
ережесіне 6-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ГЕРБІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ САУДА МИНИСТРЛІГІ
Т Е Х Н И К А Л Ы Қ
РЕТТЕУ ЖӘНЕ МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ
МЕМСТАНДАРТ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ
ЖҮЙЕСІ

БІЛКТІЛІК АТТЕСТАТЫ

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік техникалық реттеу
жүйесінің Тізілімінде 20___
жылғы N _____
тіркелген 20__ жылдың
"___" _____ дейін
жарамды.
Осы аттестат _____

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің
сарапшы-аудиторларға қойылатын талаптарына сәйкестігін және

жұмыстарын жүргізу құқығына аттестатталғанын растайды.
Аттестат Мемстандарттың сарапшы-аудиторларды аттестаттау
жөніндегі Комиссияның 20___ жылғы "___" _____ N _____
шешімі негізінде берілді.

М.О.

Сәйкестікті растау, тауарды
шығарған елді айқындау және

аккредиттеу жөніндегі

сарапшы-аудиторларды

аттестаттау

ережесіне 7-қосымша

Нысан

_____ не
_____ (аттестаттау органының толық атауы)
_____ бойынша сарапшы-аудиторлыққа кандидат
(қ ы з м е т б а ғ ы т ы)

(Аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, мекен жайы, телефоны)

Өтініш

Мені _____ бойынша
(қ ы з м е т б а ғ ы т ы)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесіне сарапшы-аудитор ретінде аттестаттауыңызды сұраймын. Сарапшы-аудиторға Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамада белгіленген талаптарын орындауға міндеттенемін.

Қ о с ы м ш а :

1. Сарапшы-аудиторлыққа кандидаттың жеке куәлігінің көшірмесі;
2. Білімі туралы дипломның көшірмесі;
3. Сарапшы-аудиторлыққа кандидат жұмыс істейтін ұйымның кадрлар қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттар немесе еңбек кітапшасының көшірмесі ;
4. Сарапшы-аудиторлыққа кандидаттың аттестаттаудың мәлімделген саласында теориялық даярлықтан өткені туралы куәліктің көшірмесі;
5. Тағылымдамадан өткені туралы есеп;
6. Сарапшы-аудиторлыққа кандидаттың жеке карточкасының көшірмесі.

Қолы, күні

Сәйкестікті растау, тауарды шығарған елді айқындау және

аккредиттеу жөніндегі

сарапшы-аудиторларды

аттестаттау

ережесіне 8-қосымша

Нысан

Сарапшы–аудитордың қызметі туралы есеп

Тегі _____
Аты _____ Әкесінің аты _____
20 __ ж. " __ " _____ N _____ берілген _____
_____ аттестаты
(сарапшы – аудиторды аттестаттау бағыты)

А т т е с т а т т а у к ү н і
Есептік кезеңі " __ " _____ 20 __ ж. бастап " __ " _____ 20 __ ж.
дейін.

Есептік кезеңде орындалған жұмыстар туралы мәліметтер	Есептік кезеңде орындалған жұмыстар нәтижесі

_____ (негізгі жұмыс орны)

_____ (аттестат мерзімін тоқтату туралы мәліметтер)

_____ (сарапшы-аудитордың қолы)

М.О.

_____ (басшының қолы)